

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің №3 хаттамасы**

26 қыркүйек 2024 ж.

Ембі қаласы

Қатысқандар саны - 20 адам

Шақырылғандар: -11 (өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

### **КҮН ТӘРТІБІ**

1.«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ» КММ директоры А.Ж.Достанованың мектепте өзін - өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы туралы есебін тыңдау.

#### **ТЫҢДАЛДЫ:**

##### **1. Н.К.Тажигарина - қамқоршылық кеңесінің төрағасы**

Бүгінгі күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ КММ 2024 жылдың 05 қыркүйек –25 қыркүйек аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры А.Ж.Достановаға берді.

#### **СӨЙЛЕУШІ:**

##### **А.Ж.Достанова -өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, мектеп директоры**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы»№ 486 бұйрығының 2- тарау 3- тармағының 1,2- тармақшаларына сәйкес Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББО мектебінің кезектен тыс өткізілген №2 педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 05 қыркүйек –25 қыркүйек аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік –құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «үлгілі» деген қорытынды берілді. Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу- әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4-9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды даярлық класының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін











педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «үлгілі» деген қорытынды берілгендігі жөнінде айтып өтті.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Н.К.Тажигарина өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтындығын айтып өтті.

### ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «жақсы» деп бағалансын.
2. Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің интернет-ресурсында уақытылы жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің интернет-ресурсында жариялансын.

Кеңес төрағасы:  Тажигарина Н.К.  
Хатшы:  Куанышева Ж.З.

Кеңес мүшелері:  Мухиева Н.С.  
 Акимбекова Б.А.  
 Жандосова К.У.  
 Ермекова Р.Ж.  
 Утемисова К.Н.  
 Бурханова А.А.  
 Курманова Ж.К.  
 Калиева А.С.  
 Келимбердина Г.Н.  
 Серик Р.Е.